

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY



БГПУ
им. М. Акмуллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND
PRACTICE»

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:
НАУКА И ПРАКТИКА»
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»
february 26, 2026**

Астана, 26 ақпан 2026 ж.

УДК 37.0
ББК 74.00
П23

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,
Махадиева А.К.

П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика: халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

ISBN 978-601-385-193-8

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-385-193-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.
Authors are responsible for the content of their materials.

269	Нагайцев Т.О. Психолого-педагогические стратегии подготовки педагогических кадров к предупреждению суицидального поведения несовершеннолетних: междисциплинарная модель школьной превенции	1128
270	Оразбаева Д.С. Ағылшын тілі сабағында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	1133
271	Сыдыкова Г.Д., Токсанбаева Г.Б. Танымдық ойындардың аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамытудағы рөлі	1136
272	Тайғарина А.Э. Психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру ортасына бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың рөлі	1139
273	Турсунбаева А.У. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың инновациялық тәсілдері: халықаралық көзқарас	1142
274	Сейткамалова А.К. Тәрбиеленушілер арасындағы агрессияның алдын-алу тәсілдері	1146
275	Толеуханова А.Д. Инклюзивті мәдениет зерттеулеріндегі әдіснамалық тұғырлар	1149
276	Турекулова Н.А. Бастауыш білім беру арқылы нашар еститін оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру	1153
277	Болат Б.Қ. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастырудың маңызы	1155
278	Бейсенбаева Ж.Н. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері	1159
279	Мендигереева Д.А. Студенттердің өмірлік құндылықтары мен денсаулыққа көзқарасының психологиялық аспектілері	1162
280	Шарапатов Р.Ж. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер типологиясын талдау	1167
281	Жақыпбекова З.Ж. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу мәселелері	1171
<p>4-секция: Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме 4-секция: Ценностный подход к профессиональному развитию современного педагога 4-section: Value-based approach to the professional development of the modern teacher</p>		
282	Абдукаримов Н.А. Педагогические принципы совершенствования уроков физического воспитания для учащихся начальных классов	1176
283	Куттибекова Г.Т. Организация процесса начального образования на основе передовых современных педагогических технологий	1179
284	Абилова Г.О. Заманауи педагогтың кәсіби дамуында педагогикалық вебинарлардың рөлі	1182
285	Ибадуллаева С.Ж., Кожабегенова А.Т. Биология пәні негізінде жоғары сынып оқушыларына экологиялық білімді қалыптастырудың маңыздылығы	1187

286	Есенова Н.Е. Оқыту процесіндегі рефлексияның мұғалімнің кәсіби мәдениетін қалыптастырудағы маңызы	1191
287	Жакыпбекова А.Т., Зулпукарова Д.И., Сманова Н.Т. Ценности профессиональной деятельности будущих молодых учителей	1195
288	Игибаева А.К., Акилтаева Н.К Некоторые аспекты подготовки будущего педагога в условиях вызовов современного социума	1199
289	Асылбекова М.П., Таңатарқызы Г. Болашақ педагог-психологтердің метақұзіреттілігін дамытудың теориялық негіздері	1204
290	Койшыманова А.М., Атемова К.Т. Цифрлық трансформация жағдайында педагог-психологтарды оқушылардың мобильдік тәуелділігін алдын алуға даярлау	1208
291	Шакаримова К.К., Сламбекова Т.С., Хасан А Цифрландыру дәуіріндегі болашақ педагог-психологтың кәсіби имиджі: ғылыми-теориялық аспектілері	1212
292	Toleubekova R.K., Talpakova M.Z. Formation of corporate competencies of teachers based on a value approach to professional development	1219
293	Сламбекова Т.С., Байсарина Ж.С. Болашақ педагогтерді оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға дайындау	1224
296	Нұрқасымова С.Н., Толекенова Л.А., Нұрланқызы Г. Сараланған тапсырмалар арқылы білім алушылардың физикалық есептерді шешу біліктерін қалыптастыру	1229
297	Айкинбаева Г.Қ., Таукибаева Ш.Ж., Жылқыбаев К.Д., Шериязданов Б.Р. Жеке тұлғаның дамуына ұлттық құндылықтар мен дәстүрдің әсері	1235
298	Ботабаева А. Е., Қажатбек С. Оқушылардың әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігін дамытудың маңыздылығы	1240
299	Истомина Н.С. Интеграция ценностей программы «Адал азамат» в профессиональную деятельность педагога	1243
300	Шангереева С.А., Албытова Н.П. Аксиологические основы профессионального развития будущих педагогов в высшем образовании	1247
301	Торebaева Г.Р., Бельгибаева Г.К., Yucel Gelislli Педагогикалық колледждің білім беру жүйесінде геймификация технологиясын қолдану арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту	1254
302	Албытова Н.П. Білім беру ортасының белгісіздігі жағдайында оқытушының кәсіби бірегейлігін құндылық-мағыналық реттеу	1260
303	Шолпанқұлова Г.К., Ақын А.К. Болашақ педагог-психологтердің гендерлік мәдениетін дамытудың педагогикалық шарттары	1264
304	Ахунова У.О. Музыка как инструмент формирования эмоциональной и социальной компетентности учащихся	1269

305	Нұралы С., Фейзулдаева С.А. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі	1272
306	Темірхан А.Е., Мухметова Р.Ж. Оқушылардың оқу мотивациясын арттырудағы smart мақсаттардың рөлі	1276
307	Кишибаева Д.Ж., Оңғарбаева Ж. Педагогтың білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы кәсіби дамуы	1279
308	Polatova A.N., Mamurbekova Z.U. Future perspectives of scientific research in the field of higher education	1284
309	Абдалинова А.Б. Воспитание патриотизма учащихся через внеурочную деятельность: педагогико-психологические основы и практические подходы	1288
310	Темирханова К.Ш. Когнитивтік әдістер – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ғылыми-коммуникациялық дағдыларын дамытудың құралы	1292
311	Байменова Б.С., Медей М. Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі реттеу дағдысын дамыту	1294
312	Кадырова Ж.Д. Жоғары сынып оқушыларының тұлғалық дамуындағы құндылыққа негізделген кәсіби бағдардың рөлі	1298
313	Ибрайханова А.Е. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың оқырмандық сауаттылығын қалыптастыруда отбасымен жұмыс істеуге даярлаудың әдістемелік жүйесі	1303
314	Нұрланқызы Д. Жеткіншек жастағы оқушылардың қазіргі білім беру жүйесіндегі оқу мотивациясының ерекшеліктері	1306
315	Кәрімова А.Е. Ғылымаралық коммуникация жағдайындағы жоғары мектеп педагогикасы: қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары	1311
316	Загородская В.С., Мичирова Р.Р. Ценностный подход в педагогическом сопровождении классных руководителей как условие профилактики конфликтов среди обучающихся	1319
317	Темиргалиева А.Б. Аксиологический вектор цифровизации начального образования: развитие профессиональной компетентности педагога-эксперта	1323
318	Байзакова З.Е. Мектеп жасына дейінгі балаларда еңбек әрекеті арқылы «Адал азамат» құндылықтарын қалыптастыру	1326
319	Серік М. Мектеп жасына дейінгі балалардағы буллингке әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторлар	1330
320	Lyu Y. A value-based approach to the professional development of the modern physical education teacher	1334
321	Abiltayeva A. An axiological approach to the development of environmental competencies of students of pedagogical fields	1339
322	Төреханова Е.С. Мұғалімнің эмоционалдық интеллекті және көшбасшылық қабілеті	1342

323	Абдуллаева Г.С., Баймұрза А.А. Музыка сабақтарында жасанды интеллектті қолдана отырып, оқушылардың эстетикалық және эмоционалдық құндылықтарын арттыру	1346
324	Айдархан М.А., Халикова Н.С. Жыраулар поэзиясын оқытуда герменевтикалық талдауға үйретудің тиімді жолдары	1349
325	Айдарханова Н.Т. Үздіксіз білім беру жағдайындағы педагог тұлғасының кәсіби дамуының өзектілігі	1353
326	Мағзумова З.Н. Жаһандық педагогикалық трендтер контекстінде болашақ мектеп директорларының көшбасшылық дағдыларын дамыту	1357
327	Муханбеткалиева М.Т. Цифрлық білім беру ортасында жасөспірімдердің құндылық бағдарын дамыту: жасанды интеллект мүмкіндіктері	1363
328	Есимова А.Б. Балалар арасында буллингтің алдын алу жолдары	1368
329	Рүстембекова А.Ғ. Әдебиеттік оқу үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының гуманистік қарым-қатынас мәдениетін дамыту	1372
330	Тажединова А.Д. Болашақ педагогтердің кәсіби лидерлік дағдыларын дамытудың педагогикалық алғышарттары	1377
331	Әскербек А.Қ., Мурзина С.А. Функционалдық сауаттылықты дамытудағы мұғалімнің кәсіби рөлі мен педагогикалық құзыреттілігі	1381
332	Бекзат А.Б., Ералин Қ.Е., Саймбетова Ж.Т. Кәсіби дизайнерлердің мәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы этнодизайн қағидаттарының рөлі	1385
333	Шалабаева Ж.С., Ережепова Б.Т., Серикханқызы А., Сұлтанқызы Р.А., Қайратқызы Д. Бастауыш сынып оқушыларына математика сабағында топтық жұмыс арқылы ынтымақтастығын қалыптастыру ерекшеліктері	1389
334	Гафиятуллина Н.Б. Формирование готовности будущих учителей начальных классов к профилактической работе с младшими школьниками	1393
335	Куандыкова Э.К., Глеубергенова К.А. Карменова Н.Н., Зиявдинова А. К. Сравнительный анализ отечественного и российского опыта практической направленности школьной географии	1397
336	Данабекова Д.А., Ақитбаева Н.К. Психолого-педагогические подходы к интеграции обучения в системе школьного образования РК	1402
337	Дауенова М., Ақитбаева Н.К. Қазіргі жағдайда жасөспірім тұлғасының дамуына элеуметтік-мәдени ортаның әсері	1407
338	Сералы Ә.Е., Ильясова Г.У. Химия пәнін оқытуда білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру	1411
339	Сағындықова А.Т., Есмаханова Г.А.	

	Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық тұрақтылығын қалыптастыруда ертегі терапиясының маңызы	1416
340	Уайсова К.Т. Болашақ бастауыш білім педагогтерін театрландыру әдістері негізінде оқушыларды оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттары	1420
341	Медеубаева К.Т., Сейтенова С.С. Инновациялық білім беру жағдайында студенттердің күзiреттiлiгi мен оқу мотивациясын дамытуға геймификацияның ықпалы	1425
342	Мурсалиева А.К. Бастауыш мектеп оқушыларының оқу мотивациясын ынталандыру және басқару	1429
343	Алимулова А.С. Дене тәрбиесінде волейболдың маңызы	1434
344	Zhamalbek A. Ethical and legal boundaries of pedagogical discourse: mechanisms for preventing aggressive speech acts as the foundation of a teacher's professional culture	1438
345	Есеналиева Н. Химия сабақтарында цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі	1441
346	Жұмабек Ұ.Ә., Убайдулла Ж.С. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту	1446
347	Таурбекова А.С. Болашақ мұғалімдерді бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған педагогикалық технологияларды тиімді қолдануға даярлау	1450
348	Атышева Б.Б., Zhalel A. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық құзыреттілігін экологиялық ойлаумен ұштастыра дамыту жолдары	1455
349	Ахмаджанова Д.С. Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды қолданудың маңызы	1459
350	Кожгельдиева С.С., Қожабаева А.А. Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау ерекшеліктері	1465
351	Сейтова Ж.Ә. Болашақ әлеуметтік педагогтардың өзін-өзі реттеу негізінде әлеуметтік интеллектісін қалыптастыру	1472
352	Абдрасилова Г.Л., Атемова К.Т. Оқушылар прокрастинациясының алдын-алу: педагог-психолог даярлығындағы құндылықтық басымдық ретінде	1479
353	Асантаева Ұ.С. Балалардың музыкалық білімін бағалаудың тиімділігі	1484
354	Булатбаева А.Ә., Иманбекова Б.І., Болатов А.М Білім беру ұйымдарында суицидтің алдын алуды ұйымдастырудағы жүйелі тұғыр	1488
355	Әшірбай А.С. Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме: жүсіп баласағұн идеялары негізінде	1493
356	Жаныбекова Л.Т., Жаныбекова Р.Т., Қайырбосынқызы Ә. Влияние изучения иностранного языка на формирование профессиональных компетенций будущего специалиста	1497
357	Боранбаева Г.Н.	

	Диалог поколений: трансформация ценностных ориентаций молодых учителей и опытных наставников	1501
358	Искакова Д.А. Жеткіншектер арасындағы буллингті алдын алудағы әлеуметтік педагогтың рөлі	1506
359	Касымбекова А. Ж., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері	1510
360	Дарбаева Г.Қ. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби дамуындағы психологиялық саулықтың құндылықтық маңызы	1515
361	Утеубаева Н.А. Формирование языковой личности современного студента в многоязычной образовательной среде: ценностный и социолингвистический аспекты	1520
362	Узакбаева А.Т., Текеев И., Рахимжанова Л.Б. Методические принципы и педагогические условия адаптивного обучения на основе интерактивного веб-приложения	1524
363	Мускина А.Н. Жас педагогтің кәсіби дамуының құндылықтық бағдарлары	1529
364	Азимов К.Э. Педагогические возможности предмета «начальная допризывная подготовка» в формировании у учащихся чувства патриотизма в условиях образования, основанного на ценностях	1534
365	Мұратқызы А. Болашақ педагогтердің кәсіби дамуында құндылық бағдарларын қалыптастыру	1539
366	Байназарова А.Б. Бала тұлғасының әлеуметтік бейімделуі отбасы тәрбиесі жағдайында	1544
367	Абенев Н.Н., Махамбетова Ж.Т. Жасөспірімдердің эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің рөлі	1549
368	Аметхан Ж. Зар заман поэзиясын оқытудың тиімді әдістері	1554
369	Сайманова П.С. Оқушылардың психологиялық резиленттілігін дамытуға болашақ педагог-психологтерді даярлаудың теориялық негіздері	1559
370	Кулымбаева А.К., Нуркасинова Л.М. Білім берудегі лидерліктің құндылығы және оның қалыптасу механизмдері	1564
371	Қонысбаев Қ.Б., Жандилдина Р.Е. Дене тәрбиесінде баланың жеке тұлға қабілетін дамытуда оқытудың жаңа технологияларын енгізудің тиімді жақтары	1568
372	Курбанов А.С., Ағабек Т.С. Қазақ тілі сабақтарында әдеби мәтін мен лингвистикалық талдауды кіріктіре оқытудың тиімділігі	1572
373	Курманова С.Б., Абдрахманова Р.Р., Литовченко А.Р. Культура клипового мышления: деградация или новая форма разума?	1575
374	Курманова С.Б., Нұрғожа А.Б., Еркінқызы М Критическое мышление как условие модернизации общественного сознания в Республике Казахстан	1580

375	Сулейменова А.М. Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің цифрлық трансформация жағдайындағы кәсіби рөлі	1584
376	Чакенова Б.А. Халықаралық тәжірибе контексінде қазақ дәрігерлерінің ағартушылық бастамалары	1587
377	Кабылбекова Л.Б., Байдалиев Д.Д. Мектеп географиясында табиғи қауіптерді оқыту арқылы білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелеу	1592
378	Адаменко А.В. Диагностика уровня сформированности экологической культуры студентов	1597
379	Джанабаяев К.Т., Жанабай А.А., Тұрысбек Ж.Ө. Әскери-патриоттық клуб жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру ерекшеліктері	1600
380	Жолдасбаева Т.Ә. Қазіргі білім беру жағдайында ер балалардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастырудың әлеуметтік-педагогикалық аспектілері	1604
381	Хачетлов К.А., Хачетлова С.М. Современные тренды в патриотическом воспитании через технологии ИИ	1607
382	Қабен Н.Ғ., Бәйдірова С.С., Ақылбекова Ә.А. Бастауыш сынып оқушыларына этномәдени негіздегі патриоттық тәрбие беру	1610
383	Джабиева М.Х., Ермаков Д.С., Амантай Ж.А. Персонализированное образование: проблемы и решения (На примере учебного модуля «педагог: профессия и личность»)	1613
384	Менлибекова Г.Ж., Ниязова Г.Б. Качество образования как целевые ориентиры образовательной программы	1616
385	Асылбекова М.П., Таукелова А.Е. Цифрлық орта жағдайында студенттердің мәдени құндылықтарын дамытудың маңыздылығы	1622
386	Жумабекова Ф.Н. Цифрлық дәуірдегі заманауи педагог мамандарды даярлаудағы құндылықтарға бағдарланған тәсілдеме	1626
387	Махадиева А.К. Формирование позитивного самоотношения будущих социальных педагогов средствами активных методов обучения	1630
388	Бурдесбекова У.И. Менталды денсаулықтың көп аспектілігі мен зерттелу жолдары	1633
389	Сарипбекова А.Т. Теоретические подходы к изучению партисипативной готовности будущих педагогов	1637
390	Жандосқызы А., Кошанова М.Т. Білім беру жүйесіндегі көшбасшылық пен толеранттылық: болашақ педагог-психологтердің кәсіби даярлығындағы интеграция	1640

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ЛИДЕРЛІК DAҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Тажединова Асем Данабековна

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан

assem.kz.astana@gmail.com

Аннотация. Мақалада болашақ педагогтердің кәсіби лидерлік дағдыларын дамытудың педагогикалық алғышарттары жүйеленген. Зерттеу барысында анықталған алғышарттар психологиялық-мотивациялық, мазмұндық-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әлеуметтік блоктарға жіктелді. Авторлар психологиялық қауіпсіз ортаның, интерактивті оқыту әдістері мен студенттік өзін-өзі басқару институтының лидерлік әлеуетті іске асырудағы ролін негіздейді. Оқытушының лидерлік имиджі мен кәсіби шеберлігі студенттердің көшбасшылық бірегейлігін қалыптастырудың негізгі катализаторы ретінде айқындалған.

Кілт сөздер: білім берудегі лидерлік, кәсіби лидерлік дағдылар, педагогикалық алғышарттар, болашақ педагогтер

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінде болып жатқан жаһандық өзгерістер педагог мамандығына қойылатын талаптарды күшейтуде. ХХІ-ғасыр педагогі - кәсіби қызметін үнемі дамытып отыратын, баланың жеке тұлғалық дамуына бағытталған білім беруді жүзеге асыратын, оқытудың мазмұны мен тиімді әдістерін, технологиялары мен стратегияларын, құралдары мен формаларын өз бетінше саралап, шығармашылықпен пайдалана алатын маман болуы қажет.

Соңғы жылдары отандық және халықаралық білім беру кеңістігінде педагог көшбасшылығы білім сапасын арттырудың және мектептің инновациялық әлеуетін дамытудың маңызды стратегиялық факторы ретінде қарастырылуда. Зерттеулер көрсеткендей, мұғалімнің көшбасшылық құзыреттілігі - оқу үдерісін жетілдірудің, кәсіби қауымдастықты қалыптастырудың негізгі тетігі.

Бүгінгі таңда педагог көшбасшылығы мәселесі ғылыми-теориялық негізден нормативтік-құқықтық қолдауға өтуді талап етеді. Еліміздің білім беру саясатын айқындайтын нормативтік-құқықтық құжаттарда өз көрінісін тауып, мұғалім мәртебесі мен оның кәсіби құзыреттілігін арттырудың басым бағыттарының біріне айналды. Мәселен, Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі құрамында көшбасшылық қабілет негізгі компонент ретінде танылған. Бұл бағытта мұғалімнің шығармашылық әлеуетін, басқарушылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту арқылы білім беру ұйымының дамуында белсенді ұстаным иесі болуы көзделеді [1]. Осылайша, отандық білім беру жүйесі көшбасшылықты оқыту мен дамыту мәселесін ресми түрде күн тәртібіне қойды.

Педагог көшбасшылығының теориялық негіздерін қарастыру оның мазмұнын құрайтын нақты кәсіби дағдыларды айқындауды талап етеді. Педагогикалық лидерлік дағдылар өздігінен қалыптаспайды, олар арнайы ұйымдастырылған кәсіби даярлық үдерісінде жүйелі түрде дамытылуы тиіс. Бұл тұрғыда, колледждер мен жоғары оқу орындары болашақ педагогтердің көшбасшылық дағдыларын дамытудың негізгі алаңы болып табылады. Сондықтан педагогикалық лидерлік дағдыларды ғылыми негізде жіктеу және құрылымдау болашақ мұғалімдерді даярлау бағдарламаларының мазмұнын айқындаудың маңызды алғышарты болып табылады.

Мұғалімнің басты кәсіби құзыреттілігінің бірі – коммуникативтік дағдылар жүйесі, ол білім алушылармен тиімді әрекеттесуге мүмкіндік береді және олардың қоршаған ортамен ынтымақтастығына жағдай жасайды. Бұл құзыреттілік педагогтің ақпаратты түсінікті жеткізуі, эмоционалдық интеллектін пайдалануы және оқушылардың пікірін тыңдай білуі арқылы көрінеді. Коммуникативтік дағдылар сабақ барысында ғана емес, тәрбиелік жұмыста, ата-аналармен және әріптестермен өзара қарым-қатынаста да маңызды рөл

атқарады. Сондықтан болашақ педагогтердің коммуникативтік дағдыларын дамыту олардың кәсіби даярлығының ажырамас бөлігі.

Болашақ мұғалім үшін ұйымдастырушылық дағдылардың маңызы ерекше. Біріншіден, ұйымдастырушылық дағды педагогтің кәсіби қызметінің барлық салаларында – сабақ өткізуден бастап, сыныптан тыс іс-шараларды, ата-аналармен жұмысты және әріптестермен ынтымақтастықты ұйымдастыруға дейін қолданылады. Екіншіден, заманауи білім беру үдерісінде жобалық оқыту, топтық жұмыс және интерактивті әдістерді пайдалану кеңінен таралуда, ал мұның бәрі мұғалімнің жоғары деңгейдегі ұйымдастырушылық шеберлігін талап етеді. Үшіншіден, ұйымдастырушылық дағдылары дамыған педагог білім алушылардың өзін-өзі ұйымдастыру қабілетін, уақытты басқару және жоспарлау дағдыларын қалыптастырып, оларды өмірлік және кәсіби табыстарға даярлайды.

Болашақ педагогтің өз іс-әрекетін саналы талдау, өзін-өзі бағалау және үздіксіз кәсіби дамуға ұмтылу қабілеті айрықша мәнге ие. Отандық ғылыми әдебиеттерде білім беру көшбасшыларының рефлексия арқылы кәсіби шеберлікті жетілдіретінін эмпирикалық дәлелдеген [2]. Өзін-өзі бағалау болашақ педагогке өзінің күшті және әлсіз жақтарын түсінуге, кәсіби қателіктерден сабақ алуға және лидерлік стилін жетілдіруге мүмкіндік береді. Осылайша, рефлексивтік дағдылар кәсіби құзыреттіліктің жүйелі артуының негізі болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген дағдыларды үздіксіз дамыту болашақ педагогтің тек өз кәсіби міндеттерін сапалы орындауына ғана емес, сонымен қатар білім беру ұжымында оң өзгерістерді бастамашылық етуіне, білім алушылардың жеке және академиялық дамуына тиімді ықпал етуіне, сондай-ақ әріптестерімен конструктивті ынтымақтастық орнатып, педагогикалық практиканы жетілдіруге белсенді қатысуына жағдай жасайды.

Алайда, бұл педагогикалық лидерлік дағдылардың қалыптасып, дамуы өздігінен емес, ол нақтыланған педагогикалық шарттар мен жүйелі тәсілдерді талап етеді. Осыған орай, болашақ педагогтердің кәсіби лидерлік дағдыларын дамытудың ғылыми негіздерін құру мақсатында оған қажетті педагогикалық алғышарттарды айқындаудың маңыздылығы туындайды.

Зерттеу нысанының теориялық негізін тереңдету үшін, алдымен, *«алғышарт»* ұғымының мәні мен мазмұнын концептуалды деңгейде ашып алу қажет.

Осы мақсатта философиялық, педагогикалық түсіндірме сөздіктердегі анықтамаларға назар аударылады:

- философиялық сөздікте *«алғышарт»* ұғымы күтілетін нәтижеге жетуді қанағаттандыратын қажетті сыртқы талаптардың жиынтығы деп түсіндіріледі [3];
- педагогикалық сөздікте *«алғышарт»* адамның мінез-құлқының, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына және дамуына әсер ететін табиғи, әлеуметтік факторлар әсерлерінің жиынтығы ретінде қарастырылады [4].

Жүргізілген талдаулардың нәтижесінде *«алғышарт»* тұлғаның оқу, тәрбие және даму үдерістеріне тікелей әсер ететін, осы үдерістердің тиімділігін жеделдететін немесе тежейтін жағдайлар мен факторлардың кешенді жүйесі ретінде тұжырымдаймыз.

Болашақ педагогтің лидерлік дағдылары арнайы ұйымдастырылған психологиялық қауіпсіз, мәдени тұрғыдан сезімтал педагогикалық ортада жүйелі түрде қалыптасады. Егер қауіпсіздік қажеттілігі қанағаттандырылмаса, тұлғаның өзін-өзі актуализациялауы мүмкін емес [5]. Сондықтан психологиялық қауіпсіздік атмосферасын қалыптастыру – болашақ педагогтердің лидерлік дағдыларын дамытудың іргелі алғышарты болып саналады. Бұл контекстінде психологиялық қауіпсіздік студенттердің өз ой-пікірін еркін жеткізуге, қателер жібергенде жазаланудан қорықпауға және педагогикалық эксперименттер жүргізуге мүмкіндік беретін қолайлы білім беру кеңістігін білдіреді.

Лидерлік дағдылардың дамуы көбінесе бейформалды және бейресми қарым-қатынастарда, яғни студент пен оқытушы, студент пен студент арасындағы диалог, серіктестік, бірлескен шешім қабылдау сынды үдерістерде жүзеге асады.

Жоғары оқу орнындағы оқытушы мен білім алушы арасындағы серіктестік қатынас көшбасшылық мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін тағы бір маңызды педагогикалық алғышарт. Мұндай парадигма аясында оқытушы студентке «білім көзі» емес, кәсіби даму серіктесі ретінде қарайды. Мұндай тең құқылы, ашық коммуникация студенттің танымдық белсенділігін ынталандырып, оның шешім қабылдау үдерістерінде инклюзивті қатысуын қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде болашақ педагогтің лидерлік позициясының психологиялық тұрғыдан бекуіне және оның кәсіби субъектілігінің сапалық жаңа деңгейге көтерілуіне жол ашады [6].

Болашақ педагогтердің кәсіби лидерлік дағдыларын жетілдірудің тиімділігі университеттегі білім беру бағдарламаларының мазмұнына және оларды іске асырудың әдістемелік тетіктеріне тікелей байланысты. Оқу үдерісінің мазмұны студенттердің бойында лидерлік дағдыларын дамыту үшін теориялық білім жүйесін, практикалық дағдыларды және кәсіби құндылықтық бағдарларды өзара ұштастыруы тиіс. Осы орайда, білім беру бағдарламаларына «Педагогикалық лидерлік», «Білім беру көшбасшылық», «Педагогикалық конфликтология» секілді арнайы курстар мен модульдерді енгізудің маңызы зор. Бұл курстар студенттердің лидерлік туралы түсініктерін жүйелеп, олардың кәсіби ой-өрісін кеңейтеді.

Педагогикалық алғышарттарды тиімді жүзеге асыру болашақ мұғалімдердің лидерлік дағдыларын дамыту сапасын анықтайды. Теориялық білімнің нақты кәсіби дағдыларға айналуы үшін студентке бағытталған, белсенді және интерактивті оқыту әдістерін жүйелі қолдану қажет. Қазіргі педагогикалық тәжірибеде бұл мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін бірқатар тиімді тәсілдер қалыптасқан.

Топтық жобалар, кейс-стади, дебаттар, ролдік ойындар студенттердің белсенді субъектілік позициясын нығайтып, олардың коммуникативтік, қақтығыстарды конструктивті шешу және ұжымда жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Осы бағытта бірнеше тиімді тәсілдерді ерекше атап өтуге болады.

Практикалық тренингтер лидерлік дағдыларды дамытудың нәтижелі формасы болып табылады. Тренинг барысында студенттер модельденген педагогикалық жағдаяттарда өз мінез-құлық стратегияларын сынап көреді. Сонымен қатар, болашақ педагогтер коммуникативтік кедергілерді жеңу, шешім қабылдау және топты ұйымдастыру дағдыларын тәжірибе арқылы меңгереді.

Фасилитациялық тәсіл оқытушы мен студент арасындағы серіктестікке негізделген өзара әрекеттесу форматын білдіреді. Бұл тәсілде оқытушы көбіне оқу үдерісін ұйымдастырушы, бағыттаушы қызметін атқарады. Аталған тәсіл студенттердің жауапкершілігін арттырады. Сондай-ақ ол бастамашылдықты және топтық лидерлік мінез-құлықты дамытуға ықпал етеді.

Коучинг әдісі тұлғалық-бағдарлы тәсіл ретінде білім алушының ішкі әлеуетін ашуға бағытталған. Коучинг нәтижесі мақсат қою мен шешім қабылдау үдерісіндегі дербестікті дамытуды көздейді. Коучингтік сұрақтар мен рефлексия арқылы студенттің жауапкершілік позициясы күшейеді, ал кәсіби дамуға саналы қатысуы қамтамасыз етіледі.

Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді тиімді жүзеге асыру үшін **технологиялық инфрақұрылымның** алатын орны ерекше. Онлайн-платформалар, электрондық оқыту ресурстары, виртуалды оқу ортасы студенттерге уақыт пен кеңістіктен тәуелсіз білім алуға, әлемдік тәжірибемен танысуға және цифрлық коммуникация дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Виртуалды кеңістікте коучинг сессияларын, интерактивті тренингтер мен топтық жобаларды ұйымдастыру болашақ педагогтердің цифрлық лидерлік құзыреттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Білім алушыларды технологиялық қамтамасыз ету лидерлік дағдыларды дамытудың мазмұны мен формаларын кеңейтіп, олардың тиімділігін арттырады.

Университеттің қоғамдық ұйымдарына, студенттік кеңестерге және әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыруға белсенді қатысу болашақ педагогтердің басқарушылық тәжірибесін байытады. Студенттің өзін-өзі басқару жүйесі студенттердің жауапкершілік сезімін қалыптастырып, бастамашылдық көрсету және басқа студенттерді дамытуға

ынталандыру дағдысын дамытады. Осылайша, институционалдық деңгейде қолдау алған студенттер педагогикалық ортада лидерлік позицияны табиғи түрде игереді.

Практикаға бағдарланған оқыту ортасын қалыптастыру студенттердің нақты педагогикалық жағдаяттарда лидерлік қасиеттерін көрсетуге, басқарушылық шешімдер қабылдауға және алғашқы кәсіби тәжірибе жинақтауға жол ашады.

Жоғарыда аталған шарттарды зерделей келе, болашақ педагогтердің кәсіби лидерлік дағдыларын дамытудың педагогикалық алғышарттарын мазмұны мен атқаратын функцияларына қарай бірнеше өзара байланысты топтарға жіктеуге болады. (кесте 1). Әр топ өзіндік педагогикалық функцияны атқарады: психологиялық-мотивациялық шарттар студенттің ішкі дайындығын қамтамасыз етсе, мазмұндық-әдістемелік шарттар теориялық база мен практикалық құралдарды ұсынады, ал ұйымдастырушылық-әлеуметтік шарттар нақты іс-әрекет арқылы дағдыларды бекітеді.

Алғышарттар тобы	Құрамдас бөліктер	Негізгі функциясы
Психологиялық-мотивациялық шарттар	Психологиялық қауіпсіз орта, серіктестік қатынас, мотивациялық климат, оқытушылардың лидерлік-дамытушылық құзыреттілігі	Студенттің ішкі әлеуетін ояту және лидерлікке бағытталған психологиялық дайындығын қалыптастыру, өзіне сенімділікті арттыру
Мазмұндық-әдістемелік шарттар	Лидерлік теориялары, педагогикалық лидерлік концепциялары, заманауи цифрлық білім беру ресурстары, интерактивті оқыту әдістері (кейс-стади, ролдік ойындар, дебаттар), диагностикалық құралдар	Көшбасшылық туралы терең ғылыми түсінік қалыптастыру, интуитивті әрекеттен саналы стильге көшу, цифрлық дағдыларды дамыту
Ұйымдастырушылық-әлеуметтік шарттар	Студенттік өзін-өзі басқару институттары, педагогикалық және оқу-өндірістік тәжірибе, менторлық жүйе, рефлексивті практика	Білім алушылардың әлеуметтік белсенді болуына жағдай жасау, теориялық білімді нақты лидерлік дағдыларға, практикалық шеберлікке трансформациялау, лидерлік тәжірибе жинақтау

Кесте 1. Болашақ педагогтердің кәсіби лидерлік дағдыларын дамытудың педагогикалық алғышарттары.

Ерекше атап өтетін жайт, біз психологиялық-мотивациялық шарттардың құрамындағы оқытушының лидерлік-дамытушылық құзыреттілігін бүкіл педагогикалық үдерістің негізгі катализаторы ретінде қарастырамыз. Өйткені, қазіргі білім беру үдерісінде лидерлік дағдылар тек теориялық дәрістер арқылы емес, оқытушының іс-әрекеті мен кәсіби тұлғасы арқылы берілетін тірі үлгі ретінде қалыптасады. Оқытушының өзі жаңашыл, жауапкершілігі жоғары және шешім қабылдауға батыл көшбасшы болған жағдайда ғана студенттің лидерлік әлеуетін оятуға мүмкіндік туады. Бұл тұрғыда оқытушының лидерлік ұстанымы студент үшін кәсіби эталонға айналады. Осылайша, студенттің лидерлік дағдыларын дамыту оқытушының кәсіби шеберлігі мен жеке лидерлік имиджінен бастау алатын өзара байланысты үдеріс екені анықталады.

Жүргізілген зерттеу болашақ педагогтердің кәсіби лидерлік дағдыларын дамытудың күрделі, көп деңгейлі үдеріс екенін дәлелдеді. Сонымен қатар, аталған лидерлік дағдыларды дамытудың педагогикалық алғышарттарын психологиялық-мотивациялық, мазмұндық-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әлеуметтік топтарға жүйеленді. Психологиялық қауіпсіз орта мен серіктестік қатынас студенттердің лидерлік әлеуетін ашса, лидерлік теориялары мен интерактивті әдістер саналы көшбасшылық стилін қалыптастырады. Студенттік өзін-өзі басқару институттары мен педагогикалық тәжірибе теориялық білімді нақты дағдыларға трансформациялайды. Оқытушының кәсіби шеберлігі мен лидерлік

имиджі студенттер үшін модельдеу үлгісі болып, олардың көшбасшылық бірегейлігін дамытудың катализаторы қызметін атқарады.

Аталған алғышарттардың бірлігі мен жүйелі өзара байланысы ғана болашақ мұғалімдердің кәсіби лидерлігін тиімді дамытуды қамтамасыз етеді. Зерттеу нәтижелері педагогикалық университеттердің білім беру бағдарламаларын жетілдіру, оқытушылардың кәсіби даму бағдарламаларын құру және студенттердің лидерлік әлеуетін дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстарды ұйымдастыру үшін теориялық-әдістемелік негіз бола алады. Одан әрі зерттеулер әр алғышарт тобының тиімділігін эмпирикалық тексеруге, оларды іске асырудың нақты технологияларын әзірлеуге және педагогикалық университеттердің нақты жағдайларында апробациялауға бағытталуы тиіс.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 ҚР Білім туралы Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Kanay, G. Teacher leadership in Kazakhstan [Текст] / G. Kanay // International Journal of Teacher Leadership. — 2018. — Vol. 9, № 1. — P. 50-68.
3. Философский словарь./под.ред И.Т.Фролова. - изд.7.- М.: Республика, 2001.- 483 с.
4. Ожегов С.И. Словарь русского языка / под общ. ред. проф. Л.И. Скворцова. – 24-е изд. испр. – М.: Издательство Оникс, 2007. – 640 с.
5. Маслоу, А. Г. Мотивация и личность [Текст] / А. Г. Маслоу; пер. с англ. Т. Ю. Гутман. — 3-е изд. — СПб. : Питер, 2012. — 352 с.
6. Әбдіғапбарова, Ұ. М. Мұғалім лидер тұлғасының сипаттамасы [Мәтін] / Ұ. М. Әбдіғапбарова, Б. М. Баймуханбетов // Педагогика және психология. - 2016. - № 2. - 58-63 б.

ӘОЖ 37.013

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ РӨЛІ МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Әскербек Аяулым Қайырбекқызы¹, Мурзина Сәуле Ашотовна²

¹ I курс магистранты¹, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор²

Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті, Қазақстан

aaaskerbekova@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада функционалдық сауаттылықтың қазіргі білім беру жүйесіндегі орны, оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытудағы маңызы және осынау дағдыларды қалыптастырудағы мұғалімнің кәсіби рөлі жан-жақты қарастырылады. Сондай-ақ педагогтың әдістемелік, психологиялық және цифрлық құзыреттіліктерінің білім алушылардың оқу жетістіктеріне әсері талданып, мұғалім қызметінің жаңа форматтары сипатталады.

Annotation. The article examines in detail the place of functional literacy in the modern education system, the importance of developing students' life skills and the professional role of a teacher in the formation of these skills. The influence of the teacher's methodological, psychological and digital competencies on the educational achievements of students is also analyzed, and new formats of the teacher's activity are described.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, құзыреттілік, педагог кәсібилігі, фасилитация, цифрлық құзыреттілік, оқу нәтижелері, әдістемелік инновациялар.

Abstract. The article examines the importance of functional literacy in modern education and analyzes the teacher's professional role in developing students' life skills. The relevance of methodological, psychological and digital competencies in enhancing learning outcomes is discussed, along with the transformation of the teacher's professional functions in contemporary pedagogy.

Keywords: functional literacy, competence, teacher professionalism, facilitation, digital competence, learning outcomes, methodological innovations.